Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 тамыздағы N 820 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 1243 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28.* N 1311 *( ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

*Қолданылушылар назарына: Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 тамыздағы N 820 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 32, 437-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесінде:

кіріспедегі "8), 12), 12-1), 15), 29) және 44) тармақшаларына" деген сөздер " тармақшасына" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-бөлімде:

тақырыптағы "Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату, электр" деген сөздер "Электр" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ алынып тасталсын;

3, 7, 11, 12, 13-бөлімдер алынып тасталсын;

4-бөлімнің 5-тармағының 15), 16)тармақшалары алынып тасталсын;

5-бөлімнің 9-тармағының 7), 10), 11), 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшалары алынып тасталсын;

8-бөлімде:

тақырыптағы ", дайындау, монтаждау, жөндеу" деген сөздер алынып тасталсын;

12-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен өткізгіш құбырларын жобалау, соның ішінде:";

9-бөлімде:

тақырыптағы ", дайындау, монтаждау, жөндеу" деген сөздер алынып тасталсын;

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көтергіш құрылыстарды жобалау және пайдалану (техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйде ұстау, техникалық жағдайын бақылау), соның ішінде:";

10-бөлімде:

тақырыптағы ", дайындау, монтаждау, жөндеу" деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен өткізгіш құбырларды жобалау, соның ішінде:".

2. Осы қаулы 2005 жылғы 23 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың сегізінші абзацын қоспағанда, алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК